

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

«ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР» ЭПОСЫНДАҒЫ ҮЙЛЕНУ СЮЖЕТІ

Рысқазым Назира Жанатқызы

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ,

Халықаралық қатынастар факультетінің студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Ү.Ә. Мұсабекова

Сан ғасырлар бойы түркі халықтары арасындағы мәдени, рухани, әдеби байланыстар үзілген емес. Түркі халықтарының жылдар бойы дамып, қалыптасқан бай ауыз әдебиеті мұрасы бар. Ғасырдан ғасырға әр ұрпақтың рухани азығына айналған эпикалық мұра – қаһармандық эпостар халқымыздың өмір тарихынан ғана емес, елдік рухынан, ерлік рухында жатыр. Қазақтың батырлық жырында әсіресе «Қобыланды» батыр тарихи, рухани оқиғалардың көрісіні болып табылады. Бұл дастанда көбінесе сонау бір заманда Орта Азияны, Қырым мен Еділ бойын жайлаған көшпелі тайпалар бастан кешірген нақтылы оқиғалардың тарихы болып табылады.

Батырлық эпоста қаһарманның үйленуі де ерекше өтеді. Сол себепті де оны фольклоршылар қаһармандық үйлену деп атайды. Той- жалпы, жай ғана ойын сауық емес, ғасырлар бойы ұрпақ санасынан өткен басты тарихы мәдени құндылық. Тойда исламға дейінгі ең көне наным- сенімдердің, негізгі дәстүрлі дүниетанымдардың, рухани құндылықтар қатпарларының қоймасы бар. Сондықтан тойды жай ғана ойын-сауық, жастардың үйлену тойы деп түсінбеу керек. Сонымен қатар дәстүрлі әдет- ғұрып, салт- дәстүрге лайық, ең жоғарғы мазмұнға ие күрделі әдет- ғұрыптық рәсімдердің кешені әрі жиынтығы болып табылады. [1, 152 б].

Түркі халықтарының эпостарындағы сюжеттер мен мотивтердің ұқсастықтарын түркі халықтарының шығу тектерінің бір болуымен түсіндіруге болады. Сібір түркі халықтарының эпостарында архаикалық көріністер басым болса, Орта Азия түркілерінің эпостарының көркемділік жағы басым болып келеді. Яғни көне сюжет көркем шығарманың қағидаларымен көркемделеді. Түркі халықтарының ішінен қазақ халқы қаһармандық эпостарға өте бай болып келеді. Қаһармандық эпостардан көне эпостардың көптеген белгілерін көруге болады. Өйткені ол көне эпостың ерекшеліктерін бойына сіңіру арқылы дамыды. Көшпелі түркі халықтарының инициация салты атпен байланысты болып келеді. Эпоста батыр атқа ие болғаннан кейін батырға есім қойылып жатады. Бұл баланың батыр болуға дайын екендігін білдіретін инициация. Түркі халықтарында батырға және оның атына ат қою рәсімі инициация салтының дәлелі саналады. Қарап отырсақ, түркі халықтарының ертегілері мен эпостарында батырдың есімі мен атының есімі бірге аталады. Мысалы, Керқұла атты Кендебай, Қара қасқа атты Қамбар бек т.б.

Жас жігіт «ер есімін» алу үшін аңшылық немесе әскери ерлік көрсетуі қажет. Ғалым Ш.Ыбыраев миф пен эпостың ерекшеліктеріне тоқтала келе: «Миф – алғашқы қауымдық құрылыстағы адамдардың дүниетанымы, айнала қоршаған ортаның себептеріне берген жауабының жиынтығы болса, эпос – басқа тарихи дәуірдің, мүлдем басқа шындықтың көрінісі. Эпос өз табиғатына қайшы келмеген жердің бәрінде де мифке қарайлады. Ғажайып туылу, жерік болу, тездетіп өсу, жалғыз жүріп, көптің жүгін арқалау, киелі күштерге, аруақтарға сиыну, аттың сөйлеуі, ұшуы т.б. толып жатқан эпос үшін шындыққа сиысатын сарындар осыған меңзейді» [2, 76 б], – дейді.

Ғалым Н.Г.Шаймердинова көне түркі жазба мәтіндеріндегі әлем бейнесін зерттеген еңбегінде «... ритуал представляется нами как форма сознания мира или тип мышления, истоки которого находятся в архаическом мифологическом мышлении» [3, 145 б]. Түркі халықтарының қаһармандық жырларына тән басты белгілердің бірі – ел қамқоры, батырдың ең жақын досы, әрі жары тамаша сұлу, ақылды әйелдер бейнесінің жасалуы. Ал кейбір халықтардың эпосында әйел қаһармандар батырлық жағынан ерлерден кем қалмай, кейде асып түсетін болып суреттеледі.

Мифтік дәуірден бастап дамып келе жатқан кейіпкер үшін батырлық дәуірде жеке отбасы, үй, қалыңдық үшін күресу жеткіліксіз болды. Енді оның ерлігі біртіндеп халықтың бостандығына, елдің бірлігіне, көпшіліктің қалауымен мүдделеріне қызмет етуі керек еді. Мұның бәрі ежелгі миф пен ежелгі эпостың жанрлық ерекшеліктерін өзгертті және мүлдем жаңа жанрдың – батырлық жырлардың қалыптасуына әкелді [4, 216-217 б].

«Қобыланды батыр» жырында «кыздың күйеу таңдау» мотиві Қобыланды батырдың барлық іс-әрекетінің негізі болып, жеке қасиеттерін кеңінен аша түседі. Негізгі мәтін және қосымша нұсқалардағы өзгерістерді салыстыра алғанда бұл мотив өзінің түрлі кезеңдерге тән өзгергендігін, түрленген сипатын байқауға болады. Негізгі мәтінде «күйеу таңдау» Құртқаның әкесінің жауапкершілігі болып көрініс тапса, Біржан мен Нұрпейіс нұсқаларында анасы деп көрсетілген. Ал Сүйіншалы нұсқасында Құртқа анасы басты рөл атқарады, екі жасты қосу мақсатта сиқырлы әрекеттерге барады. «Қобыланды батыр» жыры бала сүйе алмаудан басталып, батырдың «күйеу таңдау» сынағынан өтіп, екеуінің кездескен сәті сипатталған.

Сонда Құртқа сөйлейді:

«Мінеки, Құдай бергені,

Жеті күндей той қылды.

Тарқатқансын сол тойын,

Құртқадайын сұлудың

Некесін, сосын қидырды». Әдетте болашақ батырға өзінің қалыңдығын алу үшін жаулармен соғыс жүргізуге, түрлі сындардан өтуге, палуандық, мергендік жарысында озып шығуға тура келеді. Бұнда, әрине, терең өмір шындығы бар. Қобыланды батыр ең алғаш үйлену сапарында Қызыл ермен алысса, Ноғай жұртын құтқаруға қызылбас Қазан батырмен соғысады.

«Қазақ десе оқ атқан,

Қабағына қар қатқан,

Кірпігіне мұз қатқан» [5, 57 б] деп сипатталады. Бұл үзінді жолдарынан ер адамға қандай үлкен сынақ артылатынын анық байқауға болады. Бұл батырдың жеке қасиеттерін ашуда да өте маңызды болып табылады. Қаһарманның алғашқы күрделі қайратты, тегеурінділігі жар үшін күрестен басталуында символдық мағына жатыр. Елдің, рудың басшысы болып табылатын жас батырдың өмірлік серігі қандай болу керек дегенге эпос өзгеше мән береді.

Түркі халықтарының қаһармандық жырларында батырлар қашан да өз жарларын үлкен ұрыс жүргізіп, жауын мұқатып барып алатындығы, бір жағынан, көшпенді жаугершілік өмірдің объективтік шындығына сәйкес келсе, екіншіден, эпостық құрылысындағы қажет көркемдік тәсілдің бірі болып саналады [5, 38 б].

«Қобыланды батыр» жырындағы Құртқа ерекше шеберлікпен суреттеледі. Құртқа жырдың өн бойында жиі көрінбегенімен, ең маңызды нәрсені жасайды. Қобыландының тұлпары Тайбурылды күтіп баптайды, оны ұзақ сапарларда шаршамас үшін барынша күтім жасайды. Жары Қобыландының көңіл-күйін біліп, дұрыс жерде кеңес бере отырып, Құртқа сыпайылық пен мінсіздікті көрсетеді. Бір сөзбен айтқанда, Құртқа қазақ қоғамындағы ең асыл қасиеттеге ие. Түркі халықтарының эпостық жырларында кейіпкерлер әлемінде әдемі әйелдер бейнеленген. Халықтың эпикалық санасы әйелдің отбасындағы және қоғамдағы рөлін бағалай алады, кейіпкерлердің сүйікті жұбайларын тең құқылы, өте ақылды, ел мүдделерінің алдында ойлауға қабілетті, болжамды, қиын уақытта өзгермейтін, махаббатта өлуге дайын ретінде сипаттайды. Олар сонымен қатар тайпа мен елдің тұтастығына ықпал ететін дана аналарға ұқсайды. «Қобыланды батыр» жыры – құрылымы жағынан аса күрделі қаһармандық эпостардың бірі. Оның мазмұнын құрайтын түрлі сюжеттер құрылымдық тұрғыдан өзара жуықтығы ертеден генетикалық тегінің туыстығымен және жалпы адамзаттық ортақ құбылыстардың ортақтығымен байланысты. Қаһармандық эпостардың атынан көрініп тұрғандай негізгі идеясы – батырдың елі мен жерін қорғауына негізделеді. Елінің бүтіндігі мен амандығын ту еткен батыр тұлғасының дүниеге келуі мен оның үйленуі халықтың арман-мақсаты тұрғысынан жырланып, онда шындықпен қоса

халықтың арман-аңсар қоса өріледі. Ерекше жағдайда дүниеге келген батырдың басқалардан бөлек болмысты болып өсетіні сияқты оның үйленіп, отбасын құруы да бөлекше мазмұнда жырланады. Себебі жеке өмірі халық өмірімен біртұтастықта алынатын эпос кейіпкерінің жар таңдауы мен сол жолдағы барлық іс-әрекеті, ерлік күрестері халықтың тілеуімен қатар қабысып жатады. Батырлық үйлену – кейіпкердің батырлығының анық сыналар тұсы. Ол өзінің сүйген жары үшін күресе отырып, елінің де намысын қатар қорғайды. Яғни әрбір халықтың үйлену сюжетінің бәріне ортақ типологиялық сипаты мен қоса әрбір халықтың өз танымы мен тұрмыс-тіршілігіне қатысты өзіндік ерекшелігі болатыны анық.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Матыжанов К. Қазақтың отбасы фольклоры. Монография. – Алматы, 2007. – 319 б.
2. Ибраев Ш. Түркі эпосының поэтикасы мен типологиясы. – Астана: Сарыарқа, 2012. – 336 б.
3. Шаймердинова Н.Г. Древнетюркская картина мира в текстах письменных памятников. Учебное пособие. – Астана: ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, 2014. – 308
4. Жиёмбаева Г.Т. Алтай түркілерінің фольклорындағы қаһармандық эпостар және оның ерекшеліктері // Ахмет Байтұрсынұлы оқулары «Ұлттық тарих және алаш тағылымы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 14 желтоқсан, 2017 жыл. – 215-221 б
5. Жақап Д. Қобыланды батыр // Қазақ фольклорының тарихы. 1 том. Фольклорлық кезең. – Алматы: ҚазАқпарат, 2008. – 980 б.
6. Жұмалиев Қ. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері. – Алматы: Қазақ мем.әд.бас., 1958. – 404 б.

УДК 81.23.6

КОНЦЕПТ «СЕМЬЯ» В ПАРЕМИОЛОГИИ ТЮРКСКИХ НАРОДОВ

Садыкова Клара Балабекқызы

sadykova.klara1961@mail.ru

старший преподаватель кафедры русского, казахского и латинского языков
Южно-Казахстанской медицинской академии, Шымкент, Казахстан

На современном этапе актуальной для лингвистической науки является ее антропоцентрическая парадигма, исходный тезис которой состоит в признании того, что язык есть конститутивное свойство человека. В центре внимания исследований по языкознанию сегодня оказывается языковая картина мира как фундаментальное понятие данной парадигмы.

Антропоцентризм является конституирующим признаком паремических речений, в связи с чем, адекватно изучение паремииологической картины мира как части языковой. Центральной фигурой в пословицах всегда выступает человек в своих различных проявлениях. Пословичные высказывания, отражающие все сферы деятельности индивидуума со сложностями бытия и его противоречиями, содержат эмоционально-экспрессивную оценку его поступков. Способность пословиц воспроизводить ценностные приоритеты общества позволяет использовать их для описания концепта. Пословичный концепт - это ментальное образование, в которое входит ценностно-значимое для всех членов этносоциума представление, включающее мировоззренческие установки общества.

Несовпадение языковых картин мира, моделей мира, воззрений у разных этносов предопределяет различие жизненных ситуаций, отраженных в значении пословицы. Неправильная интерпретация скрытых смыслов, закодированных в паремиях, и связанных с ней